



# Сыр бойы

№24  
(20497)



Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

14 ақпан, сейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi\_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi\_kz

## ПРЕЗИДЕНТ



### МИНИСТРДІ ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Экология және табиғи ресурстар министрі Зұлфия Сүлейменованы қабылдады.

Президентке еліміздегі гидрометеорологиялық жағдай мен су тасқыны кезеңіне дайындық барысы туралы мәлімет берілді.

Мемлекет басшысына су тасқыны кезеңінде гидротехникалық нысандардың қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету шаралары жөнінде баяндалды. Осы мақсатта ведомство Абай және Шығыс Қазақстан облыстарында тексеру жұмыстарын жуық арада жүргізуді жоспарлап отыр.

Жалпы, республика аумағында барлығы 1806 гидротехникалық құрылыс бар. Жыл басындағы жағдай бойынша 1322 гидротехникалық құрылыс ғимараты тексерістен өткен, 471 нысан жөндеуді және жаңғыртуды қажет етеді.

Сонымен қатар Зұлфия Сүлейменова броконьерлікке және орман ағашын заңсыз кесуге қарсы күрес шаралары күшейтіліп жатқанын жеткізді. Оның айтуынша, қазіргі таңда министрлік Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша елімізде орман шаруашылығын дамыту мәселесін пысықтап жатыр.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев орталық және жергілікті атқарушы органдардың көктемгі су тасқынына әзірлік жұмыстарын бірлесіп жүргізуі маңызды екенін атап өтті. Сондай-ақ барлық гидротехникалық құрылыстарды құжаттау және түгендеу ісін жыл соңына дейін аяқтау қажет екенін айтты.

## ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

### ДӘСТҮРЛІ САУДАДАН – ИНТЕРНЕТ ДҮКЕНГЕ



Бүгінде электронды сауда қарқынды дамып келеді. Халықаралық сарапшылардың болжамына сенсек, келер жылы электронды коммерцияның әлемдік нарығы 3 трлн долларға дейін жетуі мүмкін екен. Бұл дегеніміз, еларалық тауар айналымының жаңа бағытқа ауысқанын білдіретіндей. Қазірдің өзінде басқа елдерге қарағанда Еуропа мен Қытай, АҚШ пен Оңтүстік Корея секілді мемлекеттерде бұл сауданың үлесі әлдеқайда басым. Ал Қазақстандағы ахуал қай деңгейде? Онлайн сауданың отандық экономикаға әсері қандай? Осы сауалдарға жауап алу үшін алдымен онлайн сауда деген ұғымның аражігін ажыратып, даму қалпын бағамдаған жөн секілді.

#### Сб Актілек БИТІМБАЙ, «Сыр бойы»

Жалпы өткен ғасырдың соңында мұндай сауданың түрі әлемде кең таралмағанын жақсы білеміз. Адам өзіне керекін дүкенге немесе ашық базарлардан барып сатып алатын. Қазір өзіңізге қажет дүниені үйден шықпай-ақ жарты сағатта тапсырыс беріп, есігіңізге дейін

алдыртуға мүмкіндік жасалған. Міне, бүгінгі онлайн сауда негізгі қызметі мен принципі де осыған саяды. Мұны нарықтың шексіз мүмкіндігі, тұрмысты жеңілдетуге жасаған ғаламтордың ең үлкен ықпалы десек, артық емес. Себебі дәстүрлі сауда жолының интернет дүкенге ау-

ысуы – бүгінгі уақыт пен қоғам талабы. Қазақстан да аталған сауда ағымына ілесіп, интернет сауданың дамуына жол ашты. Мысалы, өткен жылы еліміздегі электронды сауда нарығының көлемі 596 млрд теңгеге жеткен.

#### ҚАҚПАҢҒА ТҮСУ ҚАПЕЛІМДЕ

Жоғарыда айтқанымыздай, интернет дүкендер дәстүрлі емес сауда жүйесіне жатады. Бір ерекшелігі, ондағы тауарды көзбен көргенмен, қолмен ұстай алмайсыз. Тиімсіз тұсы да осында. Алар киім-кешектің нақты өлшемі көрсетілгендей болмауы, ал зат сапасының үде етілген деңгейде болмауы ықтимал, яғни, алатын тауардың сапасына толықтай көз жеткізе алмайсыз

## САРАП

### ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПОЛИЦИЯ: ЖАҢАШЫЛДЫҚТАН НЕ КҮТЕМІЗ?

Биыл Қазақстан құқық қорғау органдарына шамамен 2,3 трлн теңге жұмсайды. Бұл экономиканың нақты секторына бөлінетін қаржымен бірдей. 2022 жылы да бұл екі бағыт шамамен бірдей деңгейде қаржыландырылды. Салаға бөлініп отырған қаржы аз емес. Бір ғана ІІМ-нің былтырғы бюджеті 233,3 млрд теңге болып бекітілген еді. Бірақ полиция қызметін жетілдіру мәселесі қаржыға ғана тіреліп тұрма?

#### Сб Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

2-бет

## 15 АҚПАН – КЕҢЕС ӘСКЕРЛЕРІНІҢ АУҒАНСТАННАН ШЫҒАРЫЛҒАН КҮНІ

### ОТ-ЖАЛЫННАН ОРАЛҒАҢДАР

Осыдан 34 жыл бұрын, 1989 жылдың 15 ақпаны күні Кеңес әскерлері Ауғанстан аумағынан шығарылды. Әскерге шақырылған өрімдей жас жігіттердің өмірінде өшпес із қалдырған әскери іс-қимылдар 10 жылға созылды. Оған солдат ретінде қатысқан жауынгерлердің көбі қазір ортамызда. Жалағаштық Мұратбек Алдамбергенов пен Байболат Сәпенбаев – Ауған соғысының және ішкі істер органының ардагерлері.

#### Сб Дәуржан ЕЛУБАЕВ, «Сыр бойы»

4-бет



2-бет

## САЛИХИТДИН АЙТБАЕВ – 85

### ҰЛТТЫҚ, КЕСКІНДЕМЕНІҢ, РЕФОРМАТОРЫ



Қазақстанда кескіндеме өнері ХХ ғасырда дами бастады. Оның негізін қалаушы Әбілхан Қастеев, кейінгі буынның өкілдері Молдахмет Кенбаев, Қанафия Тельжанов болды. Қазақстанның алғашқы әйел суретшісі Айша Ғалымбаева және Гүлфайрус Исмаилованың картиналары классикаға айналды.



4-бет

## ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК



### Тағы 24 автобус

Өткен жылы «Өнеркәсіпті дамыту қоры» арқылы жаңадан лизингке 150 автобус алуға тиісті қаражат бөлінген болатын. Соның аясында алғашқы 100 автобус бағыттарға қосылды. Ал қалған 50 автобустың 24-і қалаға жеткізілді. Кешеден бастап №12, №15 бағыт бойынша жолаушыларға қызмет көрсетілуде.

Әр бағытта 12 автобус жолға шығарылады. Олардың жолсызбасына өзгерістер енгізілмейді. Сонымен бірге осы айдың аяғында қалған 26 автобус келеді деп жоспарлануда. Олар №16, №31 бағыттарға берілмекші.

Бүгінде «Қызылорда» автобус паркі» ЖШС қызметкерлері қоғамдық көлікте рейдтер жүргізуде. Әр тексеруші

жолаушылардың билеті жайлы ақпарат алуға мүмкіндік беретін арнайы терминалмен жабдықталған. Мекеме қызметкерлері жолаушылардан автобуска алдыңғы есіктен кіріп, электронды тәсілмен төлем жасауын сұрайды. Қолма-қол төлем жасаған жағдайда бір жолғы билетті талап етуіңіз керек. Егер олай жасамасаңыз,

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің «Қалалық, қала маңындағы қоғамдық көлікті пайдалану қағидаларын бұзу» 622-бабының 2-тармағы қоғамдық көлікте жолақысын төлеуден жалтару құқық бұзушылығы үшін 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, яғни 6900 теңге айыппұл төлеуіңізге тура келеді.

Мекеме қызметкерлері автобус салондарында бейнежазба жүргізілетіндіктен, жауапқа тартылмас үшін жолаушыларға тасымалдау ережелерін ұстануды еске салады.

«СБ» ақпарат

## ӨНІР ӨНІМІ

### Тәулігіне 400 келі

Облыс орталығында тәулігіне 400 келі шұжық шығаруға қауқарлы «Perovsk» цехы жұмыс істеуде. Мамандар өнімді әзірлеп болғасын арнайы жапсырмасы бар қалталармен орап, дүкен сөрелеріне сатылымға қояды.

#### Сб Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ, «Сыр бойы»

– Біздің цех өз жұмысын өткен жылы бастады. Қазір қалада екі цех бар. Алдағы уақытта филиалдарды көбейтсек дейміз. Барлығы 30 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Өндіріс орнында шикізат жеткілікті, – дейді

цех басшысы Василий Огай. Германиядан келген маман Вили Хейгер жұмыстың жаңа форматтарын көрсетіп, өз тәжірибесін бөлісуде. Жартылай фабрикат және консервіленген өнімдерді өндіру жобасы «Байқоңыр

«ӘКК» АҚ арқылы жүзеге асырылған. Ет өнімдерін ыстықтай және суықтай ыстау жабдықтарын сатып алуға қаражат бөлінді. Онда ысталған ет өнімдері, жартылай фабрикаттар және салат түрлері шығарылады. Бұл жоба қоғамдық тамақтандыру қызметін сапалы көрсетуге, қала бюджетіне қосымша кірістер түсімін арттыруға, жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.





## ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПОЛИЦИЯ: ЖАҒАШЫЛДЫҚТАН НЕ КҮТЕМІЗ?

Жасыратыны жоқ, бізде полиция – ең жиі сынға ұшырайтын кызметтің бірі. Арыз да, шағым да көбіне соларға айтылады. Оған қоса, «Қазақстан – полициялардың елі» деуге де негіз бар сияқты. Бірер жыл бұрын Bloomberg ақпарат агенттігі жариялаған рейтингте Қазақстанда 100 мың адамға 445 полициямен келетіні айтылған болатын. Сол кезде еліміз жан басына шаққандағы полициялар саны бойынша әлемде 6-орында тұрғанын білеміз. Министрлік ішкі істер құрылымын оңтайландырып, артық басқару бұйрықтары мен басшылық лауазымдар жойылғанын хабарлаған болатын.

Қызметкерлер санын қысқарту, полициядағы реформа туралы сонғы 3-4 жылда жиі айтылып жүрсе де, әскери киім киген қарауыл адамдардың саны мен оларға жұмсалатын бюджеттің шығыстары жоғары күйде қалып отыр. Сала басшылары министрлікті қайта құрудағы мақсат – бюрократиялықтан адамға бағытталған жұмыс моделіне көшу екенін айтқанымен, нақты нәтиже байқалып отырған жоқ.

Қазақстан қылмыс деңгейі бойынша елдер рейтингінде 48-орында. Ең алдымен 3-4 жылда жиі айтылған қылмыс деңгейінің қысқаруына «орташа» деп бағалап отыр. Сондықтан полиция қызметін бағалау жүйесін қайта қарау өте маңызды. Азаматтардың қауіпсіздігі мен халықтың сенім деңгейі негізгі критерий ретінде айқындалуы тиіс.

Мемлекет басшысы 2022-2026 жылға арналған

жылдарға арналған сыйбалас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасын бекіткен болатын. Оны жүзеге асыру аясында биыл құқық қорғау және сот органдары қызметкерлерінің алдығын тексеруді енгізу жоспарлануда. Қантарда Ішкі істер министрі қызметкерлерінің алдығын тексеру бойынша пилоттық жобаның іске қосылғаны туралы хабарлады. Тұрғындармен күнделікті араласатын қызметкерлер мен бөлімдерді тексеру нәтижесінде полицияға түскен өтініштерге тезірек қызмет көрсетіле бастаған. Тексеруден қорыққандар өз жұмысына жауапкершілікпен қарауға, дұрыс және сыйлайы жауап беруіне ұмтылған. Оған қоса пилоттық жоба басталғалы полиция қызметкерлерінің пара беруі өркендеді, яғни, әрбір мың қазақстандыққа 4,4 полициямен келетін. Ал білтүз бұл көрсеткіш 100 мың адамға 372-ге дейін азайды. Министрлік ішкі істер құрылымын оңтайландырып, артық басқару бұйрықтары мен басшылық лауазымдар жойылғанын хабарлаған болатын.

Қызметкерлер санын қысқарту, полициядағы реформа туралы сонғы 3-4 жылда жиі айтылып жүрсе де, әскери киім киген қарауыл адамдардың саны мен оларға жұмсалатын бюджеттің шығыстары жоғары күйде қалып отыр. Сала басшылары министрлікті қайта құрудағы мақсат – бюрократиялықтан адамға бағытталған жұмыс моделіне көшу екенін айтқанымен, нақты нәтиже байқалып отырған жоқ.

Қазақстан қылмыс деңгейі бойынша елдер рейтингінде 48-орында. Ең алдымен 3-4 жылда жиі айтылған қылмыс деңгейінің қысқаруына «орташа» деп бағалап отыр. Сондықтан полиция қызметін бағалау жүйесін қайта қарау өте маңызды. Азаматтардың қауіпсіздігі мен халықтың сенім деңгейі негізгі критерий ретінде айқындалуы тиіс.

Мемлекет басшысы 2022-2026 жылға арналған

жылдарға арналған сыйбалас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасын бекіткен болатын. Оны жүзеге асыру аясында биыл құқық қорғау және сот органдары қызметкерлерінің алдығын тексеруді енгізу жоспарлануда. Қантарда Ішкі істер министрі қызметкерлерінің алдығын тексеру бойынша пилоттық жобаның іске қосылғаны туралы хабарлады. Тұрғындармен күнделікті араласатын қызметкерлер мен бөлімдерді тексеру нәтижесінде полицияға түскен өтініштерге тезірек қызмет көрсетіле бастаған. Тексеруден қорыққандар өз жұмысына жауапкершілікпен қарауға, дұрыс және сыйлайы жауап беруіне ұмтылған. Оған қоса пилоттық жоба басталғалы полиция қызметкерлерінің пара беруі өркендеді, яғни, әрбір мың қазақстандыққа 4,4 полициямен келетін. Ал білтүз бұл көрсеткіш 100 мың адамға 372-ге дейін азайды. Министрлік ішкі істер құрылымын оңтайландырып, артық басқару бұйрықтары мен басшылық лауазымдар жойылғанын хабарлаған болатын.

Қызметкерлер санын қысқарту, полициядағы реформа туралы сонғы 3-4 жылда жиі айтылып жүрсе де, әскери киім киген қарауыл адамдардың саны мен оларға жұмсалатын бюджеттің шығыстары жоғары күйде қалып отыр. Сала басшылары министрлікті қайта құрудағы мақсат – бюрократиялықтан адамға бағытталған жұмыс моделіне көшу екенін айтқанымен, нақты нәтиже байқалып отырған жоқ.

Қазақстан қылмыс деңгейі бойынша елдер рейтингінде 48-орында. Ең алдымен 3-4 жылда жиі айтылған қылмыс деңгейінің қысқаруына «орташа» деп бағалап отыр. Сондықтан полиция қызметін бағалау жүйесін қайта қарау өте маңызды. Азаматтардың қауіпсіздігі мен халықтың сенім деңгейі негізгі критерий ретінде айқындалуы тиіс.

Мемлекет басшысы 2022-2026 жылға арналған

сакшысы – қоғамның бет-бейнесі, елдің қауіпсіздігі – халықаралық аренадағы беделімізге тікелей ықпал ететін фактор екенін естен шығармаған дұрыс. Сондықтан ел полициясы шекпен киіп, шен таққанына масаттанбай, алдымен, туған елінің тыныштығымен бірге ар-ұждан, абырой-беделін ойлағаны жөн. Бұл – полиция қызметінде бұрыннан қалыптасқан қағидалар.

Тарихқа көз салсақ, Ұлыбританияда 1829 жылы алғаш рет тұрақты полиция қызметін бастаған. Сол Лондон полициясы – әйгілі Скотланд-Ярдтың негізін қалаушы Роберт Пиль алғашқы мың полиция қызметіне кіріскен кезде полиция қызметінің негізгі тоғыз қағидасын тұжырымдаған екен.

Оған сәйкес, полицияның негізгі қызметі – әскери күшпен басып-жаншу емес, қылмыс пен тәртіпсіздіктің алдын алу. Сондай-ақ, полиция өз функцияларын орындау үшін қоғамның мақұлдауына және құрметіне сүйенуі керек. Ал бұл құрметке ие болу және оны сақтау үшін тәртіпке қатысты жұртшылықтың ынтымақтастығы қажет, яғни, қоғам дегеніміз – полиция, ал полиция – қоғам.

Полиция халықпен бірге. Басқаша айтқанда, полиция қызметі – қоғамдық тәртіпті сақтау жүйесінің бір бөлігі. Пиль ұғымында қоғам, яғни, жұртшылық полицияның басқа адамдардан айырмашылығы жоқ екенін түсінеді. Демек, әрбір азамат тәртіпті сақтауға мұдделі. Бірақ барлық уақыттың тек осы тәртіпті сақтауға арнағаны үшін арнайы жалақы алатын адамдар бар.

Полиция барлық азаматтардың заң алдындағы абсолютті теңдігін қамтамасыз етіп, сыбайлық пен ашықтық көрсетуі керек. Ал азаматтарға қатысты күш қолдануға барлық басқа әдістер нәтиже бермеген жағдайда ғана жол берілуі тиіс. Тәртіпсіздіктің болмауы – полицияның табысты жұмысының ең жақсы көрінісі. Сондай-ақ полицияның міндеті кінәліні жазалау емес, тек тәртіпті сақтау. Яғни, «полиция күдікті тек қанауға алды, бірақ кінәлі немесе кінәсізін анықтау мен жаза тағайындау соттың құзыретінде».

Роберт Пиль тұжырымдамасындағы негізгі қағида: полиция – қоғамның бір бөлігі және бүкіл қоғамның мүддесіне сай нәрсені, атап айтқанда, тәртіпті қамтамасыз етеді. Сондықтан құқық қорғау саласында жана тұжырымдама жасалып, жанашырлыққа бет бұра бастаған тұста негізгі қағидалар қаперден тыс қалмаса екен дейміз.

# ДӘСТҮРЛІ САУДАДАН – ИНТЕРНЕТ ДҮКЕНГЕ

Ол кейінгі жылдары интернет дүкен аялақтары көбейгенін жасырмады. Тіпті өткен жылы тұтынушылардың құқығын қорғау департаментіне интернет дүкендердің қызметі туралы 20 шағым түскен, ал бұрнағы жылы оның саны 14 болғанын айтты. Биылғы жылдың алғашқы айында 1 ғана шағым түскен.

– Электронды сауда саласындағы шағымдардың көбі мемлекеттік кірістер органдарында тіркелуден жалтаратын ұйымдарға қатысты болды. Әлеуметтік желілерде ғана тіркелген интернет дүкендер, «olx», «satu», «market» және «kaspi.kz» сияқты сауда алаңдарынан алған тауарды айырбастау немесе қайтары мүмкін болмағанын айтып, шағымданушылар көп болды. Жеткізілген тауардың сапасы жарнамасындағыдай болмай шығатын жағдайлар да тіркелді. Өйткені көп жағдайда тұтынушылардың тауар сапасын құнын төлемей тұрып тексеру мүмкіндігі жоқ. Тауарды сатып алу фактісін растайтын құжатсыз жіберілуі, сатушы тараптың мекен-жайы мен байланыс нөмірлерін көрсетпеуі, тауар сапасын растайтын құжаттарды талап ету мүмкіндігінің болмауы, жеткізу мерзімінің бұзылуы, алаяқтық, 100% алдын ала төлемді талап ете отырып, төлем жасағаннан кейін хабарсыз кету сияқты келенсіз оқиғалар тіркелді, – деді департамент басшысы.

Интернет дүкен – ауқымды кәсіпкерлік. Әлемдік сауданың көбісі электронды форматқа көшті. Расымен, интернет дәуірі басталғалы көптеген алыс-беріс, сауданың біршама бөлігі онлайн режимде. Қазіргі таңда онлайн саудаға арналған түрлі платформа құрып, миллионер атанғандар аз емес. Тіпті кей деректерде онлайн сауданың табысы кәсіпкерлердің саны 10 мыңнан асып жығылады. Олардың қатары жыл санап толығуда.

Мәселен, АҚШ-тағы «Amazon» корпорациясының негізін қалаушы Джефф Безос, Билл Гейтс осы сауда жүйесіне байлыққа кенелгендер қатарында. «Alibaba Group» компаниясының негізін қалаушы әрі басшысы Джек Ма да – әлемде үлкен белдеге ие кәсіпкер. Олардың барлығының онлайн сауданы жана сатыға түтушілерге таптырмас амал. Оған сауда нүктесіне бару-қайту жол шығанын қосынды. Ал онлайн сауда жасағанды, жер кезіп, шаршап-шалдықпауға болады емес пе?! Тек жарты сағат уақытыңызды бөліп, тапсырыс бергеніңіз жеткілікті. Сондықтан тиімді тұсын да назарға ұстаған жөн.

– Өзіме қажет затты көбіне интернет дүкен арқылы тапсырыс беріп, шетелден не алыс-жақын облыстардан алдырмайын. Алған затты бірде көңіл толмай, бірде ойлағандан да жақсы болады. Жеткізу уақытының кеш келетін кездері де бар. Кейбіреулер алаяқтарға алданып жатқанын естиміз. Дегенмен, онлайн сауданың пайдалы тұсы көп. Себебі уақытты үнемдеуге болады мұнда. Өйткені олар тәулік бойы және демалысыз жұмыс істей береді. Онлайн тапсырыс бере салсаңыз. Қассада кезек күтіп өуре болмайсыз. Интернет дүкенде тапсырыс жылдам да жеңіл түрде іске асады.

Оған қоса тауар жайында анық ақпарат алуға мүмкіндік бар. Қарапайым дүкенде тауар жөніндегі кеңесшілерге жүгінесіз, алайда олар кейде толық ақпарат білмейді. Ал интернет дүкендерде өзінсіз сияқты тұтынушылардың тауарға берген бағасын және пікірлерін оқып, танысып алуға ыңғайлы жағдай жасалған, – дейді тұтынушы Айгүл Серәлиева.

Бұл жүйе тұтынушыдан бөлек, кәсіпкерге де пайдалы. Мәселен, онлайн сауда желісінің егесі болсаңыз, сізге сатушы қажет емес. Тек интернет арқылы жарнама жасап, сайтты қадағалап, одан өзі жұмысын жандандырып отыратын SMM маман болса жеткілікті. Тағы бір артықшылық, бір дүкенге өрі кетсе тек он шақты тауар түрін қоюға болар, ал интернет дүкенде шексіз тауар түрін ұсына беруге болады.

– Бытыр «Shonbay Online University»-ден 14 курс сатып алдым. Ішінде SMM, таргетинг, копирайтинг, мобилиграфия, онлайн сауда, клиент психологиясы, сайт жасау технологиясы сияқты т.б. қазір тренде саналатын мамандықтар бар.

Сату курсында бізге тапсырма берілген. Кез келген тауарды алып, оны онлайн түрде сату практикасы. Мен өзіме ұнайтын, қызықты сала – киім бизнесін тандадым. Сөйтіп, көршілес Қытайдан тауарға онлайн тапсырыс беріп, сатып көрдім. Нәтиже жаман емес. Кеңсе не дүкен ғимаратын жалдамай, үйде отырып-ақ сатып, оған тапсырыс берушілерге жеткізу қызметі деген бар. Оны де есептен шығармау қажет. Әрине, бұл – менің шығарған өнімім емес, алыпсатарлық кәсіп. Десе де сату, тұтынушымен онлайн жұмыс істеу әдістерін іс жүзінде пайдаланып көруге жақсы мүмкіндік болды. Меніңше, егер сататын тауарың ақпараттық өнім болса, сауданы онлайн жасау тиімді. Ал заттай тауар сату үшін бәрібір, дүкен немесе бүткіл алған пайдалырақ. Себебі экранның арғы бетіндегі тұтынушыға алатын заттың суреттен гөрі өзі келіп, қолмен ұстап, киіп, өлшеп көргені дұрыс. Сонда оның сатып алуға деген қызығушылығы арта түседі.

Тауарға көп мөлшерде тапсырыс берсеңіз, оның сапасына сенімді болсаңыз, онлайн тиімді. Ал жеке елі алатын болсаңыз, базарға тіке тартқан дұрыс, – деді кәсіпкер Еңлік Жәнісқызы.

## ТҰТЫНУШЫҒА ТИІМДІ

Интернет дүкеннің тиімді тұсы да аз емес. Ең әуелі біздің бұдан ұтатынымыз – кәсіргі заманға ыңғайлы. Әсіресе, бұл қоғамдық орындарда адамдардың көп жиналуына тыйым салған пандемияның кезінде көп көмегін тигізді. Қажет затты үйіне әкеліп беретін қауіпсіз қызмет түріне айналып, уақытты үнемдеді. Сондай-ақ, базарға барып, аралаудың өзін машақат көретін егде жастағы тұтынушыларға таптырмас амал. Оған сауда нүктесіне бару-қайту жол шығанын қосынды. Ал онлайн сауда жасағанды, жер кезіп, шаршап-шалдықпауға болады емес пе?! Тек жарты сағат уақытыңызды бөліп, тапсырыс бергеніңіз жеткілікті. Сондықтан тиімді тұсын да назарға ұстаған жөн.

– Өзіме қажет затты көбіне интернет дүкен арқылы тапсырыс беріп, шетелден не алыс-жақын облыстардан алдырмайын. Алған затты бірде көңіл толмай, бірде ойлағандан да жақсы болады. Жеткізу уақытының кеш келетін кездері де бар. Кейбіреулер алаяқтарға алданып жатқанын естиміз. Дегенмен, онлайн сауданың пайдалы тұсы көп. Себебі уақытты үнемдеуге болады мұнда. Өйткені олар тәулік бойы және демалысыз жұмыс істей береді. Онлайн тапсырыс бере салсаңыз. Қассада кезек күтіп өуре болмайсыз. Интернет дүкенде тапсырыс жылдам да жеңіл түрде іске асады.

Оған қоса тауар жайында анық ақпарат алуға мүмкіндік бар. Қарапайым дүкенде тауар жөніндегі кеңесшілерге жүгінесіз, алайда олар кейде толық ақпарат білмейді. Ал интернет дүкендерде өзінсіз сияқты тұтынушылардың тауарға берген бағасын және пікірлерін оқып, танысып алуға ыңғайлы жағдай жасалған, – дейді тұтынушы Айгүл Серәлиева.

Бұл жүйе тұтынушыдан бөлек, кәсіпкерге де пайдалы. Мәселен, онлайн сауда желісінің егесі болсаңыз, сізге сатушы қажет емес. Тек интернет арқылы жарнама жасап, сайтты қадағалап, одан өзі жұмысын жандандырып отыратын SMM маман болса жеткілікті. Тағы бір артықшылық, бір дүкенге өрі кетсе тек он шақты тауар түрін қоюға болар, ал интернет дүкенде шексіз тауар түрін ұсына беруге болады.

– Бытыр «Shonbay Online University»-ден 14 курс сатып алдым. Ішінде SMM, таргетинг, копирайтинг, мобилиграфия, онлайн сауда, клиент психологиясы, сайт жасау технологиясы сияқты т.б. қазір тренде саналатын мамандықтар бар.

Сату курсында бізге тапсырма берілген. Кез келген тауарды алып, оны онлайн түрде сату практикасы. Мен өзіме ұнайтын, қызықты сала – киім бизнесін тандадым. Сөйтіп, көршілес Қытайдан тауарға онлайн тапсырыс беріп, сатып көрдім. Нәтиже жаман емес. Кеңсе не дүкен ғимаратын жалдамай, үйде отырып-ақ сатып, оған тапсырыс берушілерге жеткізу қызметі деген бар. Оны де есептен шығармау қажет. Әрине, бұл – менің шығарған өнімім емес, алыпсатарлық кәсіп. Десе де сату, тұтынушымен онлайн жұмыс істеу әдістерін іс жүзінде пайдаланып көруге жақсы мүмкіндік болды. Меніңше, егер сататын тауарың ақпараттық өнім болса, сауданы онлайн жасау тиімді. Ал заттай тауар сату үшін бәрібір, дүкен немесе бүткіл алған пайдалырақ. Себебі экранның арғы бетіндегі тұтынушыға алатын заттың суреттен гөрі өзі келіп, қолмен ұстап, киіп, өлшеп көргені дұрыс. Сонда оның сатып алуға деген қызығушылығы арта түседі.

Тауарға көп мөлшерде тапсырыс берсеңіз, оның сапасына сенімді болсаңыз, онлайн тиімді. Ал жеке елі алатын болсаңыз, базарға тіке тартқан дұрыс, – деді кәсіпкер Еңлік Жәнісқызы.

## ЖОБА

### ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША 2023 ЖЫЛҒА ТҰҚЫМ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУ ТУРАЛЫ СУБСИДИЯЛАУА АРНАЛҒАН БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫНЫҢ КӨЛЕМДЕРІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, «Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыру үшін субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы №107 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №20209 болып тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **КАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қызылорда облысы бойынша 2023 жылға тұқым шаруашылығын дамыту үшін субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемдері бекітілген.

2. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» муниципалдык мемлекеттік мекемесі осы қаулының заңнамала белгіленген тәртіппен Қызылорда облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жетекшілік ететін

**Қызылорда облысының әкімі** **Н.НӘЛІБАЕВ**

Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ қаулысына қосымша

### ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША 2023 ЖЫЛҒА ТҰҚЫМ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУ ТУРАЛЫ СУБСИДИЯЛАУА АРНАЛҒАН БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫНЫҢ КӨЛЕМДЕРІ

Көрсеткіш	Барлық қажеттілік, мың теңге	Бірегей тұқымдар, мың теңге	Элиталық тұқымдар, мың теңге	Бірінші көбейтілген тұқымдар, мың теңге	Бірінші ұрпақ тұқымдары, мың теңге	Элиталық қощеттер (жеміс-жидек, жүзім), мың теңге
Жергілікті бюджет	165 796	2 833	41 577	104 506	10 000	6 880
<b>Барлығы</b>	<b>165 796</b>	<b>2 833</b>	<b>41 577</b>	<b>104 506</b>	<b>10 000</b>	<b>6 880</b>

## КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ

# ЖЕТІ ҰҢҒЫМА ҚАЗЫЛЫП ЖАТЫР

Қызылорда қаласындағы ауызсу мәселесін шешу үшін 7 ұңғыма қазылып жатыр. Бұл нысан іске қосылса, тәулігіне қосымша 7 мың текше метр таза су беріледі. Осылайша қаланың шет аймағындағы 3 шағын аудандағы тіршілік нәріне қатысты түйтік шешімін табуға тиіс.

Қаладағы «Бәйтерек» шағын ауданына тұрғындар 2016 жылдан бастап қоныстанды. Бұл ауданнан 6 мыңнан астам азаматқа инфрақұрылым толық дайындалған жер телімі берілді.

Кейінгі кезде «Бәйтерекпен» қатар бірнеше шағын ауданда ауызсу мәселесін шешу үшін 3 шағын аудандағы тіршілік нәріне қатысты түйтік шешімін табуға тиіс.

Оған қоса бәйтеректің жергілікті мәселесін шешу үшін 3 шағын ауданда ауызсу мәселесін шешу үшін 3 шағын аудандағы тіршілік нәріне қатысты түйтік шешімін табуға тиіс.

## АПЫРАЙ-Ө!

Айла-шарғының әбден асқынған шағы болып тұр. Бас прокуратураның баспасөз қызметі 1345 азаматқа 6 млрд теңгеден астам залал келтірген қаржы пирамидасына қатысты деректі жариялады. Нақтырақ айтсақ, Бас прокуратураның Арнайы прокурорлар қызметі «QI Trade Kazakhstan» (Qarat Invest) қаржы пирамидасын ұйымдастырушыларға қатысты қылмыстық істі тергеп-тексерді.

## ТАЛАЙДЫ ТАҚЫРҒА ОТЫРҒЫЗДЫ

Олардың бас офисі Алматы қаласында орналасқан, сондай-ақ өңірлерде 12 филиал жұмыс істеген. «AMAZON» (АҚШ) бүкіләлемдік алаңында сауда жасау деген атпен сенімгерлік басқару негізінде азаматтар процент түрінде одан әрі кіріс алу үшін ақша салған.

Салымшыларға салым сомасына байланысты жылдық 96%-ке дейін пайда уәде етілген. Соның салдарында 1345 азаматқа 6 млрд теңгеден астам замағал залал келтірілген.

Азаматтарды алдау схемасын жасағандардың, сондай-ақ компанияның бас офисі және филиалдары басшыларының кінәсін прокуратура дәлелдей алды.

Нәтижесінде Бостандық аудандык сотының үкімімен 15 адам бас бостандығынан айырудың нақты мерзімдеріне жаза (6 жылдан 7 жылға дейін) тағайындалумен кінәлі деп танылды.

Бас прокуратура азаматтарды қырағы болуға, күмәнді ұйымдарға ақша салудан бас тартуға шақырады.

**«СБ» ақпарат**

**«СБ» ақпарат**





# Ұлттық кескіндеменің реформаторы

картинасы қазақ кескіндемесінің дамуындағы жаңа белесті бастайтын алғашқы туынды болды деп саналады. Дегенмен «Бакыт» картинасын қабылдауға қарама-қарсы бағытталған сын-пікірлер орын алды. Базіреулер, әсіресе отандық сыншылар Айтбаевты плакатшы деп айыптады. Сыншылардың пікірінше, картинаның тым жалпыланған мәні болды, ал социалистік реализм сюжет пен драманы талап етті. Алайда, сын суретшінің өзіндік стилін бола әрлі дамытуына келдергі бола алмады.

Тас ғасырдағы аулаған бұғы немесе бұқа суретінің үңгір қабырғасына салған аңшы алғашқы жанашыл суретші болды ма? Әрине. Өйткені ол оған дейін ешкім жасамаған мүлдем жаңа өнер жасады. Мұны істеу үшін батылдык, шығармашылық ынта және өз ой қорытындысы мен шығармашылық шешімін басқарумен бөлшеуге деген ұмтылыс болуы керек. Өнер тарихында бұл жиі болды.

Әрбір жанашыл идея мен ағымның бастауында қоғамның ішкі қайшылықтарынан туған жаңа мәдени серпін берер тұла болады. Мысалы, италяндық суретші Джотто ди Бондоне бүкіл Еуропаның кескіндеме тарихында жаңа кезең ашты және Ренессанс өнерінің бастаушысы болды. Оның тарихтағы орны бейнелеу өнеріндегі ортағасырлық италия-византиялық дәстүрлерді жңумен анықталады. Қайта өрлеу дәуірінде Леонардо да Винчи, Микеланджело Буонороти, Рафаэль Сантти және басқа көптеген суретшілер адамзаттың өлмес қазынасына айналған шығармаларын дүниеге келтірді. XIV ғасырда басталып, XVI ғасырдың аяғында аяқталған Қайта өрлеу дәуірі өзінің даму жолында бейнелеу өнерінде манеризм, барокко, рококо

сыйды тағы басқа ағымдарды туындатты.

С.Айтбаев туралы «Суретші сахналық сюжетке және натуральқ ұсақтыққа түбегейлі жат, өзінің дәл және нақты бағытының формуласын тапты» деп жазды орыс өнер сыншысы және өнертанушы Вильям Мейланд. Сонымен қатар «Салихитдин Айтбаевтың шығармашылығы айтарлықтай дәйекті түрде дамды. Оның алғашқы туындылары – 1962 жылғы «Бакташылардың демалысы» мен 1966 жылғы «Бакыт» және 1969 жылғы «Қонақ келді» атты соңғы жылдардағы еңбектері ара-сында оның шығармашылық дамуының табиғи екендігін көрсететін мықты генетикалық байланыс бар. Оның басқа бір 1967 жылғы «Жас казактар» еңбегінде суретші үшін адам мен табиғаттың біртұтас бірігуінің поэтикасы айқын көрінеді» дейді В.Мейланд.

Оған өзінің ұлттық бағытын іздеу жолында постимпрессионистер Пабло Пикассо мен Поль Сезанның ықпалы көп болды. Дегенмен оның стилін қалыптауына мексикалық суретшілер Ривера мен Сикейростың шығармалары үлкен әсер етті. Олардың фрескаларының монументальдылығы Айтбаевты өзінің айқындығымен және лаконизмімен қызықтырды. Олардың композициялық шешімдері қазақтың халық өнеріне жақын болып шықты.

Суретшінің сүйікті жанрлары портреттер, пейзаждар және ауыл өмірінің көріністерінің эскиздері болды. «Түйе мен бала», «Қойшымен кездесу», «Тың жер. Түскі ас кезінде», «Ана» атты шығармалары оның философиялық дүниетанымының ерекшеліктерін пластикалық түрде білдіруге деген ұмтылысының жарқын мысалы болды. Оның портреттері «Құлран апанын портреті», «Қызыл киімді

әйел», жазушы Әнуар Әлімжановтың портреті реализм мен шынайылықпен ерекшеленді. Кескіндемеден басқа Айтбаев графикамен де айналысып, Олжас Сүлейменовтің «Балшық кітап», «Шауақты түндер», «Маймыл жылы» өлеңдер жинағын, «Қазақтың халық ертегілерінің» үш томдық басылымын және т.б. иллюстрациялады.

С.Айтбаев өмірден ерте озды, бірақ өнерде жарқын із қалдырды. Оның тула бойы энергия мен экспериментке толы болды және ол нағыз философ еді. Еңбектері қазақ мәдениетінің сұлулығы мен ұлылығын бейнелейтін және ұлықтайтын ұлттық кескіндеме мектебінің бейнесі болды. Ол жасаған кескіндеме мектебі ұлттық бейнелеу өнерінде ерекше орынға ие. Шебердің көркем және графикалық туындылары Ә.Кастеев атындағы Қазак Мемлекеттік өнер музейінде сақтаулы, Лувр, Эрмитаж, Третьяков галереясында қойылған.

2019 жылы Қызылорда қаласындағы облыстық көркемсурет галереясына қылқалам шеберлерінің халықаралық симпозиумының ашылу салтанатында Салихитдин Айтбаевтың өмірі берілді. Көне тарихи ғимаратта орналасқан галереяда Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, суретші Салихитдин Әбдісәдуақұлы Айтбаевтың тұрақты көрме залы ұйымдастырылды. Суретшінің өсімі оның шығармалары өлмейді, өйткені оның мұраға қалған шығармалары келесі ұрпақ үшін баға жетпес құндылық болып қалмақ.

**Тұрсынбек ОМАРОВ, Евразиялық дизайн одағының мүшесі, С.Айтбаев атындағы Қызылорда көркемсурет галереясының өнертанушысы**

XX ғасырдың екінші жартысының басы жаңа идеяларды іздеу мен ұлттық мінезді айқындау уақыты болды. Алпысыншы жылдар, бұл жылымық деп аталатын уақыт, шығармашылық адамдар еркін тыныстады. Нәтижесінде Қазақстанда талантты жаңашыл өнер адамдарының толқыны пайда болды. Қазақ поэзиясына бәрін таңғалдырып, найзағай соққысы секілді акынның ақын Мұқағали Мақатаев енді. Замандастары «Мүзжарғыш» деп атаған Лияс Есенберлин Қазақстан тарихында төңкеріс жасаған «Көшпенділерді» жазды. Ол жылдар қазақ кескіндемесі үшін бірегей ұлттық стилді іздеу жылдары болды. 1960 жылдары құрамына С.Айтбаев, М.Қисамединов, Ш.Сариев, Т.Тоғсыбаев, Б.Табиев, А.Сидиханов, Е.Мергенов, Т.Досмағамбетов, И.Исабаев кірген жас суретшілер тобы Қазақстан бейнелеу өнерінің белгіленген өлшемдеріне қарсы шықты. Олар социалистік реалист суретшілердің ресми стилін және олардың айналасындағы өмірді бейнелеудің жасандылық тәсілдерін қабылдаудан бас тартты. Шығармаларында ұлттық

өнер стилінің қағидаларын орнату отырып, бұл суретшілер дәстүрлі көшпелі мәдениеттің мұраларына сүйенді. Бұл халықтық өнер мен дәстүрлі шығыс миниатюраларын қалпына келтіруге және қайта карауға, сонымен қатар декоративті қолоритті, екі өлшемді кеністікті, монументалды формалар мен эпикалық бейнелерді қолдануға әкелді. Суретшілердің, графикагердің және мүсіншілердің осы буының ерекше стилі мен айрықшы ерекшеліктері бірнеше ондаған жылдар ішінде қарлаптасқанымен, олар қазақ көркемдік стилінің негізін қалады. Бұл авангардты ұрпақтың басында ұлттық кескіндеменің реформаторы Салихитдин Айтбаев тұрды.

С.Айтбаев 1938 жылы Қызылордада туып, кейіннен Алматыға көшіп келіп, А.Голицын атындағы өнер мектебіне оқуға түседі. Үкі Әжібаев және Молдахмет Кенбаевтан білім алған. 1966 жылы Мәскеу қаласында Бүкілодақтық жас суретшілер көрмесі ашылды, оған қазақстандық суретшілер де қатысты. Көрменің ең үлкен жаналықтарының бірі – қазақстандық суретші Салихитдин Айтбаевтың «Бакыт» картинасы болды. «Бакыт»

## От-жалыннан оралғандар

Ауғанстан жеріне аттанған Кеңес әскерлерінің қатарында болған мыңдаған қазақ жауынгерлері өз борыштарын адал атқарды. Деректерге сүйенсек, 22 мыңнан астам қазақстандық жауынгер Ауған жеріндегі Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің құрамында интернационалдык борышын өтеген. Олардың 889-ы ұрыс даласында қазаға ұшыраса, 30-ға жуығы халбар-ошарсыз жоғалған. Үш мыңнан астам қазақстандық Ауған соғысында мүгедек болып оралды. Елге жеткен соң да соғыс салған жаракаттан мезгілсіз қайтыс болғандар қаншама десеңізші?

Бір ғана Ауғанстандағы әскери іс-қимылдың қазакқа әкелген орны толмас зардабы осындай. Бұл соғысқа Жалағаш ауданынан 30-дан астам жауынгер интернационалдык борышын өтеуге аттанған. Оның 4-уі қанды шайқаста мерт болған.

Ішкі істер органдарының ардагері Мұратбек Алдамбергенов – бір жарым жыл Ауған-

стан Республикасында болып, от-жалыннан аман-есен оралғандардың бірі. Ол Отан алдындағы борышын өтеуге 1979 жылы шақырылады. Әскери өмірді Украинаның Смела қаласындағы артилерия полкінде бастапты.

– 1979 жылдың 26 желтоқсанында жадымда мәңгі сақталуы қалды. Тұн жарымында аяқастынан әскери дабыл соғылып, біздің полктің Бела-ла церковь қаласындағы горнизонға әкелді. Полктен менімен бірге үш жауынгерді тандап алды. Горнизон бойынша іріктелген 150 жауынгерді әскери-транспорттық ұшақпен Термезге әкеліп түседі. Жанадан жасакталған полк қару-жарақпен және әскери-жорық құралдармен жабдықталып, соғыс жадына келтірілді. Іріктелген артиллериялық полк 28 желтоқсан күні колоннамен Ауғанстан аумағына кірдік, – дейді Ауған соғысының ардагері.

Жерлесіміз артиллериялық полкте барлау взводның барлаушысы болған. Соғыс жадайында әрбір күн қауіпті.

Кез келген сәтте ажал құшуы мүмкін. Ал барлаушының міндеті – аса жауапты ғана емес қауіп-қатерге толы.

Ол барлаушы ретінде көптеген қауіпті операцияларға қатысты. Қадам басқан сайын араның ашқан ажалмен бет-бет келген күндер қаншама?

Елге оралған соң жиырма жастағы жігіт Түркістандағы индустриалды-педагогикалық техникумына түсті. Кейін кенттегі №150 кәсіптік-техникалық училищеге өндірістік-оқыту шебері болды. Жұмыстан қол үзбей, педагогикалық институтқа оқып, жоғары білім алды.

Аудандық комсомол комитетінің жолдамасымен ішкі істер бөліміне жіберіліп, ішкі істер органдарында жол-бақылау инспекторы, ұшаскелік полиция және жасөспірімдер ісі жөніндегі инспектор қызметтерін абыроймен атқарды. Зейнетке шыққан соң білім беру саласына қайта оралды. Мектепте алғашқы әскери даярлық пәнінің оқытушысы болып, жастарға әскери-патриоттық тәрбие беруде

ауқымды істер атқарды. Кейін аудандық білім бөлімінде денетәрбиесі мен алғашқы әскери даярлық пәндерін оқыту бойынша әдіскер болды. Қазір Ауғанстан және аймақтық соғыс ардагерлері қоғамдық кеңесі Жалағаш аудандық қоғамдық бірлестігінің төрағасы.

Ал отставкадағы полиция майоры Байболат Сәпенбаев отты күндерді былайша еске алады:

– Отан алдындағы әскери борышымды өтеуге 1987 жылы шақырылдым. Әуелі Талдықорған қаласындағы әскери бөлімге апарды. Мұндағы әскери бөлімнің негізгі міндеті – Ауған Республикасына жіберілетін солдаттарды жауынгерлік дайындауға өткізу болатын. Сол жерде жарты жыл бойы әскери жаттығуларға машықтандық. Солан соң өз әскери полкімен бірге Тәжікстан Республикасының шекарасы Таулы Бадағам елді мекеніне және Ауған жерінің тыныштығын сақтауға аттандық. Елге 1989 жылы оралдым. Қауіп-қатер мен ширыққан темірдей

төртпітін ортасынан келген соң ішкі істер органдарына жұмысқа орналастым, – дейді кейіпкеріміз.

Байболат ішкі істер органдарындағы жұмысын ауданда ұшаскелік полиция инспекторы болып бастады. Кейіннен қылжымалы полиция бөлімінің бастығы, кезекші бөлімнің аға инспекторы болып еңбек етті. Оның кеудесінде «Ауған халқынан алғыс», «КСРО Қарулы Күштеріне 70 жыл», «Жауынгер-интернационалист», «Жауынгерлік қызметі үшін» және ІІМ дәрежелі «ІІО-ғы мінсіз қызметі үшін» медальдары жарқырап тұр.

Қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүрген қос ардагер елдің тыныштығын тілейді. Оларды аудан жұртшылығы қай салада еңбек етсе де құрмет тұтады. Елдің сүйіспеншілігіне бөлену үшін азаматтың өзінде де еліне деген ықпал-пейілі, адамгершілік қарым-қатынасы болу қажет десек, бұл қасиеттер кейіпкеріміздің бойынан табылады.

### ЕРКІН КҮРЕС

Қаламыздағы №1 облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінде еркін күрестен жаттықтырушы Жарқын Дүйсеновті еске алуға арналған облыстық ашық турнир өтті.

### Бозкілемдегі бәсеке



2009-2010 және 2012-2013 жылғы жасөспірімдер арасындағы дүбірлі сынға қала мен 7 аудандан 20 команда, 310 спортшы қатысты. Ал он сегіз салмақ дәрежесіндегі жарысқа спорт саласын өркендетуге үлес қосып жүрген ұлттық дәрежелі төрешілер Серік Ибрагимов пен Марғұллан Жүсіпов қазылық етті.

Айтулы додада өртүрлі салмақ дәрежесінде қалалық 8 палуан чемпион атанса, аудандардан 10 палуан жеңіске жетті. Олардың қатарында Арал, Жалағаш және Жанақорған аудандарының спортшылары бар.

Женімпаздарға медаль мен ақшалай сыйлықтар табысталды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл турнир алдағы жылдары да жалғасын табады. Додада бақ сынаушылардың көп болуы облыстың спорттағы әлеуеті нығайып келе жатқанын байқатқандай.

«СБ» ақпарат

### ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Қызылорда облыстық филиалы 2023 жылғы 15 ақпанда Лифті жеткізу, орнату, ескі лифті бөлшектеу бойынша қызмет жеткізушіні тандау бойынша ашық тендерді жариялайды.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ 2023 жылғы 15 ақпанда, сағат 15.00-де Лифті жеткізу, орнату, ескі лифті бөлшектеу бойынша қызмет жеткізушіні тандау бойынша ашық тендер өткізетіні туралы хабарлайды.

Тендерлік құжаттама пакетін 2023 жылғы 14 ақпанға дейінгі мерзімде мына мекенжай бойынша алуға болады: Қызылорда қаласы, К.Байсеитова к-сі 91А, Өкімшілік-шаруашылық бөлімі, сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін немесе электрондық пошта арқылы: Nurbolnu2@halykbank.kz

Тендерлік өтінімдерді ұсынуға соңғы мерзімі – 2023 жылғы 15 ақпан, сағат 13.00-ге дейін. Тендерлік өтінімдерді ұсыну орны: Қызылорда қ. К. Байсеитова к-сі 91А.

Тендерлік өтінімдер салынған конверттер тендерлік өтінім берген барлық келген әлеуетті жеткізушілердің қатысуымен келесі мекенжай бойынша ашылады: Қызылорда қаласы, К.Байсеитова к-сі 91А.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы білуге болады: 8(7242) 55-05-11 немесе e-mail: Nurbolnu2@halykbank.kz .

### ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Қызылорда облыстық филиалы 2023 жылғы 15 ақпанда үй-жайлар мен аумақтарды кешенді жинау, инженерлік жүйелер мен жабдықтарды ағымдағы пайдалану бойынша қызмет жеткізушіні тандау бойынша ашық тендерді жариялайды.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ 2023 жылғы 15 ақпанда, сағат 15.00-де үй-жайлар мен аумақтарды кешенді жинау, инженерлік жүйелер мен жабдықтарды ағымдағы пайдалану бойынша қызмет жеткізушіні тандау бойынша ашық тендер өткізетіні туралы хабарлайды.

Тендерлік құжаттама пакетін 2023 жылғы 14 ақпанға дейінгі мерзімде мына мекенжай бойынша алуға болады: Қызылорда қаласы, К.Байсеитова к-сі 91А, Өкімшілік-шаруашылық бөлімі, сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін немесе электрондық пошта арқылы: Nurbolnu2@halykbank.kz

Тендерлік өтінімдерді ұсынуға соңғы мерзімі – 2023 жылғы 15 ақпан, сағат 13.00-ге дейін. Тендерлік өтінімдерді ұсыну орны: Қызылорда қ. К. Байсеитова к-сі 91А.

Тендерлік өтінімдер салынған конверттер тендерлік өтінім берген барлық келген әлеуетті жеткізушілердің қатысуымен келесі мекенжай бойынша ашылады: Қызылорда қаласы, К.Байсеитова к-сі 91А.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы білуге болады: 8(7242) 55-00-99 немесе e-mail: Nurbolnu2@halykbank.kz .

### Жарамсыз деп есептелсін

Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Қажымқұдан Мұнайпасұлы атындағы спорт клубы» КММ-ның (БСН: 140440019776) Жарғысы (мемлекеттік және орыс тілінде) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.